# 2024-2025 оқу жылына арналған
# Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
## Сурет салу / жылдық

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ағаш бұтақтары.<br>*(Түрлі түсті қарындаштар)* | -ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>- жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. | 1 | 3.09 |
| 2 | Жаңбырлы күн.<br>*(Акварель бояу)* | -мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | 1 | 1.10 |
| 3 | Гүлдене бер, Қазақстан!<br>*(Акварель бояу)* | -балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;<br>-балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі<br>шығармашылық ойлауын дамыту; | 1 | 5.11 |
| 4 | Менің сүйікті ертегім.<br>*(Акварель бояу)* | -балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу.<br>-балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру; | 1 | 3.12 |
| 5 | Мерекелік дастарқан.<br>*(Акварель бояу)* | -балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;<br>-дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру; | 1 | 14.01 |
| 6 | *Қысқы табиғат.*<br>*(Акварель бояу)* | -балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.<br>-балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту;<br>-табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін | 1 | 4.02 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | түсіндіру; | | |
| 7 | Сәукелені әшекейлейміз Алашаны әшекейлеу.<br>*(Акварель бояу)* | -қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>-балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. | 1 | 4.03 |
| 8 | Көрікті көктем.<br>*(Акварель бояу)* | -балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту;<br>-көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру;<br>-жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. | 1 | 1.04 |
| 9 | Кешкі қала.<br>*(Акварель бояу)* | -ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету;<br>-кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету;<br>-жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. | 1 | 6,05 |
| **Барлығы: 9 сағат** | | | | |